

**"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамының 2011 - 2020 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1061 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1721 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 - 2020 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1061 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамын дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған стратегиясында:

«Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, шешуші көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер» деген 5-бөлімде:

«Қазақстандық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласының дамуы» қызметінің стратегиялық бағыты, мақсаты, шешуші көрсеткіштері және күтілетін нәтижелері» деген 5.1-кіші бөлімде:

«АКТ білімін дамыту және АКТ мамандарының кәсіби деңгейін арттыру» деген 5.1.2-тараудың 11) тармақшасы алынып тасталсын;

«Жаңа АКТ-технологияларын дамыту және жаңа жобаларға бастама білдіру» деген 5.1.4-тараудың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын ашық кодтар, робот техникасы, компьютерлік графика, микропроцессорлық жүйелер, қолданбалы жүйелер, қорғау және қауіпсіздік және конвергенттік технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу зертханаларын ашуға жәрдемдесу;» ;

«Қазақстандық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласын дамыту» бағытының күтілетін нәтижелері» деген 5.2-кіші бөлімде:  
1-кезеңде (2011-2012 жылдар):

16) тармақшадағы «тарту.» деген сөз «тарту;» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 17), 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтын құру;

18) «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы аумағындағы АКТ-кластердің құрылысы мәселесін қарау;

19) ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтының құрылымдық

бөлімшелері болып табылатын ашық кодтар, робот техникасы, компьютерлік графика, микропроцессорлық жүйелер, қолданбалы жүйелер, қорғау және қауіпсіздік және конвергенттік технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу зертханаларын ашуға жәрдемдесу.» ;

2-кезеңде (2013-2015 жылдар):

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын ашық кодтар, робот техникасы, компьютерлік графика, микропроцессорлық жүйелер, қолданбалы жүйелер, қорғау және қауіпсіздік және конвергенттік технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу зертханаларын ашуға жәрдемдесу.» ;

«Қазақстандық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласын дамыту» бағытының негізгі өзекті көрсеткіштері» деген 5.3-кіші бөлімде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын ашық кодтар, робот техникасы, компьютерлік графика, микропроцессорлық жүйелер, қолданбалы жүйелер, қорғау және қауіпсіздік және конвергенттік технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу зертханаларын ашуға жәрдемдесу.» ;

«Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру және дамыту» бағытының күтілетін нәтижелері» деген 5.5-кіші бөлімде:

1-кезеңде (2011-2012 жылдар):

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғау бөлігіндегі ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, хостинг қызметін көрсету үшін серверлік интернет-платформа құру.» ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы базасында бизнес-инкубациямен коммерциялық АТ-жобаларын қаржыландыру үшін мамандандырылған қаржы ұйымын құру (венчурлік қаржыландыру);».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*